



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Ұлттық Банк «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» және «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2024 жыл, 30 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Спорт» сериясынан «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» және «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Монеталардың сатылымға шығатын күні туралы ақпарат ҚҰБ ресми сайтында қосымша орналастырылады.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ» коллекциялық монеталары туралы
ҚҰБ Қазақстан футбол федерациясымен бірлескен жоба аясында **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ»** коллекциялық монеталарының **13 түрін** айналысқа шығарады.

Монеталарда 2024 жылғы маусымның ҚР премьер-лигасы клубтарының логотиптері бейнеленген. Монеталар әр түрінен 7000 дана таралыммен дайындалады. Оның 5000 данасы жеке блистерде және әр түрінен 2000 монета **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ»** кәдесый блистер жиынтығында жинақталады.

Монеталар мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған. Массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге, таралымы – әр түрінен 7000 (жеті мың) дана.

Монетаның бейнесі



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» коллекциялық монеталары туралы
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» монетасында Қазақстан Футбол Федерациясының логотипі бейнеленген. Ол 2000 дана таралыммен дайындалып, **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ КЛУБТАРЫ»** кәдесый блистер жиынтығының құрамында сатылады.

Монеталар мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған. Массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге, таралымы –2000 (екі мың) дана.

Монетаның бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz